





• САЛТАНАТ

## Ынтымақ ырысқа бастайды

Теміртаудағы тоғыз этномәдени бірлестік пен қазақ мәдени орталығы бейбітшілік пен келісімді нығайтуға қосқан үлесі үшін қала әкімінің сыйлығын алды. Осыдан бес жыл бұрын басталған үрдіс бүгінде жақсы дәстүрге айналған. Салтанатты шара қаладағы мәдениет сарайында өтті.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

– Бұл сыйлық – сіздердің күш-жігерлеріңіз бен жетістіктеріңізді мойындау. Сондай-ақ, біз қоғамымыздың бірегейлігін көрсету үшін жиналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Қазақстан халқы Ассамблеясы біздің қоғамдағы тұрақтылық пен бейбітшілікті қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады», – деді Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Самат Зияшев құттықтау сөзінде.

Сыйлық мөлшері – 300 мың теңге. Этно бірлестіктердің басшылары бұл қаражат әрі қарай

жемісті жұмыс істеуге көмек екенін атап өтті.

Теміртауда ел Тәуелсіздігінің таңында құрылған этно бірлестіктер бар. Мысалы, «Понтос» грек мәдени орталығы келесі жылы 30 жылдығын атап өтеді. Ал, «Анвар» татар-башқұрт бірлестігіне – екі жыл.

Мәдениет сарайында қалада тұратын этностардың сәндік-қолданбалы өнер көрмесі ұсынылды.

Ал, шараның ресми бөлігінен соң концерт қойылып, этно бірлестіктер халық әндерін шырқап, ұлттық киімдерін таныстырды.

Өз тілшімізден

• ЖЕКПЕ-ЖЕК

## Алты өңірдің өрендері сайысты

Қарағанды қаласында «Battle of Karaganda» аталған аралас жекпе-жектен республикалық турнир өтті. Дүбірлі додада еліміздің алты өңірінен 200-ге жуық жауынгер бағын сынады.



Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қатысушылар Көкшетау, Астана, Қостанай, Павлодар, Семей, Қарағанды қалаларынан жиналып, 10 салмақ дәрежесі бойынша жеңімпазды анықтады. 3 топқа бөлінген сайыскерлер арасында әр топтан 10 қатысушы жеңіс жалауын желбіретті. Жалпы 14 жастан басталатын жекпе-жек алаңында 57 келі салмақта Жаңаөзен қаласының тумасы Қыдырәлі Балгабай I орын алды. Ол қарсыластарын уақытынан бұрын жеңіп, ерекше

көзге түсті.

– Панкратионмен жалпы 5 жасынан айналысамын. 10 жылға жуықтады бұл спортта жүргеніме. Жекпе-жек спортының берері мол. Уақыт үнемдеу, сабыр, төзім, бұның барлығы адам мінезі мен жүріс-тұрысқа байланысты. Ал, спорттағы адамда күйзеліс атымен болмайды, – дейді жеңімпаз Қыдырәлі Балгабай.

Сурет ұйымдастырушылардан

• БӘРЕКЕЛДІ!

## Театрдың тың тынысы

Көрнекті жазушы-драматург Роза Мұқанованың мерейтойына орай Астанада өткен «ТЕАТР ALL» атты III Халықаралық театр фестиваліне «Ешкім де кінәлі емес» драма-абсурд қойылымымен С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының ұжымы да қатысып, Асыл ролін сомдаған актриса Дина Зантова «Үздік әйел бейнесі» аталымындағы жүлдесін иеленді.

Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл үшінші рет өткен фестивалге Әзірбайжан, Қырғызстан және Қазақстанның үздік театр ұжымдары қатысты. Қоюшы-режиссері – Бекмұхамбет Кнекбаев. «...Сағыныш деген енді оралмайтын өтіп кеткен өмірдің елесі...» – бұл «Ешкім де кінәлі емес» драмасы кейіпкерлерінің сарғайған сағынышы. Өткен өмірлерінің елесімен бүгін ғұмыр кешіп жатқан олар, ешкімге де өкпелемейді, ешкімді де кінәламайды.

Спектакльде егде жандарға арналған панажайдағы қариялардың есіл өмірі сомдалады. Кешке қарай «Мені қашан алып кетеді екен, балам келе ме, қызым келе ме?» деп жауандаған жанарлар... Өмірді үлкен театр десек, адамдар сол театрдың сахнасынан өзін-өзі таниды, өзін-өзі түсінеді.

Жазушы-драматург Роза Мұқанованың «Ешкім де кінәлі емес» деп аталатын драма-абсурд жанрында жазылған терең философиялық пьесасында қазіргі қоғам ахуалы көрініс тапқан. Өзінің қарақан басынан басқа ешнәрсемен жұмысы жоқ, жақынына жаны ауырмайтын, ата-ана алдындағы парызын, күнделік-

ті тіршіліктің таусылмайтын күйбеңіне айырбастаған келін мен бала, қыз бен күйеу, қала берді, бүкіл жан-дүниесі қасанданып кеткен толып жатқан күйкі кісілер. Құлағын құлаққапқа «орап» алған, музыкаға еліткен немере де әжесінің неге шырылдап жүргенін түсінбейді.

Драма-абсурд бағыты Батыс Еуропа драматургиясында XX ғасырдың орта шенінде пайда болды. Абсурд – қисынсыз, ақылға сыймайтын, логикамен қабыспайтын қимыл-әрекеттер мен сөздің, тіпті, дерек-фактілердің жиынтығы деп түсінуге де болады.

«Ешкім де кінәлі емес» драма-абсурдның кейіпкерлері де солай, бір орында тұрып, велосипед тебеді, дөңгелегі айналады, бірақ ол жүрмейді, жүріп бара жатырмын деп бір орынды таптап тұрған театр директоры... Иә, бірақ мұның бәріне ешкім де кінәлі емес...

Қойылым шымдығы жабылғанда, көрермен жүрегінде сары сағыныш пен терең ой ұялап қалды. «Ешкім де кінәлі емес» пьесасы тек сахнада ғана емес, сіз бен біздің ішкі әлемімізде де жүріп жатқан көлеңкелі көріністей. Қарттар үйіндегі қариялардың жанарындағы ауыр мұң,



баладан күткен үміт, кешірілген өкпе – бәрі де біздің қоғамдағы шынайы келбетімізді көрсетеді. Бұл абсурд драмасы өзімізге қойған сұрақтарымыздың жаңғырығы тәрізді: Біз кімбіз? Не үшін өмір сүріп келеміз?

Роза Мұқанованың бұл шығармасы бізді тек қана өмірдің өткініш екенін түсіндіріп қоймайды, сонымен қатар, уақыттың алдында бәріміздің де дәрменсіз екенімізді есімізге салады. Өмір сахнасындағы әрқайсымыздың рөліміз бар және ол рөлден бас тарту мүмкін емес. Осы қойылымнан кейін өз жақындарымызды жақсырақ түсініп, уақыт-

тың бағасын білуді ұмытпайық деп сыбырлайтынды.

Суреттер ұйымдастырушылардан

• ЧЕМПИОНАТ

## Ұлы Дала тастүлектері

Қарағандыда робототехника бойынша «ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ – 2024» қалалық чемпионат ұйымдастырылды. Чемпионатта қазақтың ұлттық ойындарын дәріптейтін ұлттық нақыштағы роботтар назарға ұсынылды. Облыс орталығындағы қырық мектептен қатысқан 74 команда 8 санат бойынша бақ сынасты. Атап айтқанда, олар – «Қыз қуу», «Асық ату», «Көкпар», «Жамбы ату», «Бәйге», «Тенге алу», «Ханталапай», «Арқан тарту» ойындарында бәсекеге түсті.

Чемпионат Қарағанды қаласының Пришахтинск бөлігінде орналасқан №33 мектеп базасында өткенін атаған жөн. Білім ошағы чемпионатқа барынша дайындалған. Қатысушылар мен қонақтарды домбырашылар оркестрмен қарсы алып, технология пәні мұғалімінің жетекшілігімен мектеп оқушылары тіккен ұлттық киімдер киген модельдер дефилеге шықты. Бұдан бөлек, ұлттық ойындар ойналды. Ұлттық салт-дәстүрді дәріптейтін шеберлік сыныптары назарға ұсынылды. Балдырғандар патриоттық мақсаттағы флешмоб ұйымдастырыпты.

– Ұлы дала құндылықтары біздің қоғамды біріктіреді. Бұл жарыс қазақ мәдениеті мен дәстүрін заманауи технологияла-



рын ұштастырып отыр. Оқушылардың танымын кеңейтеді. Қарағанды қаласының мектептерінде техникаға бейім оқушылар үшін барлық жағдай жасалған. Білім ордаларында робототехника кабинеттері бар. Жабдықытар жанартылуа. Болашақ инженерлерге арналған көптеген үйірмелер, STEAM зертханалары қосымша білім беру деңгейінде жұмыс істейді, – дейді Қарағанды қалалық білім бөлімінің басшысы Есентай Өшім.

Чемпионаттың алдында зор дайындық жұмыстары жүргізілді, – деп атап өтті жарыстың бас-

ты ұйымдастырушысы Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияның робототехника пәнінің оқытушысы Әділбек Бердіқоджаев. Авторлық ережелер алдын ала жазылып, арнайы ойын алаңдары жасалған.

– «Көкпар» санаты үшін электронды табло жасалды. Мұнда нағыз ойын атмосферасы сезіледі. Яғни, онлайн режимінде барлық қатысушылар мен жанкүйерлер жарысқа куә бола алады. «Ханталапай» жаңа санаты: робот әртүрлі жерлерде шапыраңқы асықтарды жинауы керек. Тапсырма оңай емес – обь-

ектінің қай жерде екенін есептеуі тиіс. Қажетті сызықты жоғалтпау да маңызды, – деді Әділбек Бердіқоджаев.

Сонымен қатар, Әділбек Бердіқоджаев ұлттық нақыштағы робототехника чемпионаты екінші мәрте ұйымдастырылғанын атап өтті. Болашақта дәстүрлі түрде, республикалық, тіпті, халықаралық деңгейде өткізгісі келетінін жасырмады. Бірақ, бұған да қомақты қолдау қажет көрінеді.

9-дан 16 жасқа дейінгі оқушылар роботтарды жинау және бағдарламалау дағдыларын көрсетті. Бұл сайыс ұлттық ойындар әлемімен танысуға көмектесті.

– Мен робототехникамен айналысқаным 2 жыл болды. Көкпар туралы мол мәлімет алдым. Бірақ, мұнда бірінші барлық ерекшеліктерді түсініп алу керек. Алдымен Робот шабандозды жылдам жинап, содан кейін оны смартфондағы Bluetooth арқылы сауатты басқару қажет, – деп бөлісті № 33 мектеп-бөбекжай кешенінің 6-сынып оқушысы Ярослав Землянский.

Жеңімпаздар кубок және медальдармен марапатталды. Тағы бір сыйлық – Alianrobotics онлайн орталығында тегін оқу мүмкіндігі табысталды. «Ұлы Дала ойындары» абсолютті чемпионы атағын Мағжан Жұмабаев атындағы гимназияның командасы жеңіп алды.

Өз тілшімізден  
Суреттер облыс әкімдігінің сайтынан



